

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

ҚОСТАНАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

**«БЕКІТЕМІН»
Қостанай мемлекеттік
педагогикалық университеті
ректоры**

_____ **Әбіл Е.А.**
« _ » _____ **2019 ЖЫЛ**

**Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің
Сутденттік Парламент
ЕРЕЖЕСІ**

Көшірме	Код	Басылым	Құрған	Келіскен	Келіскен
			Жүсіпов А.Ж.	Мусабекова Г.А.	Қадыржанова Б.Б.
	П ҚМПУ 18/1	бірінші			

Қостанай қ. 2019

Мазмұны

1. Жалпы ереже
2. Студенттік Парламенттің миссиясы, мақсаты, міндеті және құрылымы
3. Студенттік Парламенттің негізгі қызметі
4. Студенттік Парламенттің мүшелері
5. Студенттік Парламенттің құрылымы мен жұмысты ұйымдастыруы
6. Қосымша 1: Студенттік Парламент Төрағасын сайлау ережесі

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

1.1. Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Студенттік Парламенті (әрі қарай - ҚМПУ) университеттегі жастар саясатын тиімді жүзеге асыру, білім алушылардың жеке құқығын қорғау, студенттік жастар өмірінің маңызды сұрақтарын шешу, олардың әлеуметтік белсенділіктерін арттыру мақсатында құрылған студенттің өзін-өзі басқару органы.

1.2. Студенттік өзін-өзі басқару Студенттік Парламент органы арқылы өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне және осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

1.3. Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің Студенттік Парламенті осы ұйым жұмысына ат салысуға қатысқысы келетін, іштей білім алатын студенттен құралады. Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің кез келген студенті Студенттік Парламент құрамына сайлануға құқығы бар.

1.4. Студенттік Парламент өз құрылымы мен қызметін дербес түрде анықтайды:

- Сессия жиналысына шақырады;
- Төралқаны, басқару және орындау органдарын сайлайды;
- Әр түрлі бағытта қызмет атқаратын комитеттерді, комиссияны және т.б. органдарды құрады;
- ЖОО ішінде, халықаралық деңгейдегі қоғамдық ұйымдармен ынтымақтастық жасай алады;

1.5. Студенттік Парламент өз таңбасын, ту және әнұранын, жеке логотипін белгілеуге құқылы.

2. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТТІҢ МИССИЯСЫ, МАҚСАТЫ ЖӘНЕ МІНДЕТІ

2.1. МИССИЯ

2.1.1. Жастар арасында демократия және парламентаризм идеяларын дамыту, оларды саяси және құқықтық мәдениетке қалыптастыру, болашақ маманның үйлесімді тұлғасын тәрбиелеу.

2.2. МАҚСАТЫ

2.2.1. Жастардың қоғамдық өмірде түрлі салаларында еркін дамуы үшін жағдай жасау, оның әлеуетін ашу және іске асыру, ҚМПУ студенттерінің жасампаз, азаматтық және іскерлік белсенділігін қолдау.

2.3. МІНДЕТІ

2.3.1. Студент жастардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғау.

2.3.2. Студент жастардың мүдделері және құқықтарына тиісті ЖОО әкімшілігінің шешімі кезінде ҚМПУ студенттерінің өкілдігі.

2.3.3. Әлеуметтік мәселелердің шешіміне студенттердің қатысуын қамтамасыз ету.

2.3.4. Жастар мәселелеріне мониторинг жасау .

2.3.5. Студенттердің, ұйым мүшелерінің рухани, адамгершілік және дене шынықтыруды дамытуға бағытталған бастамаларды ұсыну және қолдау.

2.3.6. Жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, мәдени тұрғыда бағытталған түрлі бағдарламалар құру және жүзеге асыру.

2.3.7. ҚМПУ-дегі Жастар саясаты мен Студенттік Парламент қызметін жүзеге асыру жайлы ойлар мен идеяларды зерттеу, қарастыру.

2.3.8. Сапалы білімге, студенттердің рухани-мәдени тәрбиеленуіне, студент жастар арасында әлеуметті белсенділік пен берілген тапсырмаға жауапкершілікті дамытуға бағытталған оқу-тәрбие процессіне үлес қосу.

2.4. ФУНКЦИЯЛАР

2.4.1. Студенттердің оқу, ғылыми-зерттеу, шығармашылық және спорттық қызметтеріне жәрдемдесу.

2.4.2. Түрлі студенттік ұйымдар, оқудан тыс бірлестіктер, түрлі бағыттағы клубтар құру.

2.4.3. ЖОО-дағы студенттерді материалдық және моральдық ынталандыру шаралары туралы дербес шешім қабылдау.

2.4.4. Қала мен басқа елді-мекендердегі кәсіби білім беру мекемелерімен, жастар ұйымдарымен ынтымақтастық.

2.4.5. Студенттерге ақпараттық, құқықтық, психологиялық көмек көрсету.

2.4.6. Еріктілер қозғалысын қолдау және қатысу.

2.4.7. Салауатты өмір салтын насихаттау, студенттердің құқық бұзушылық жасауының, олардың есірткі қолдануы, темекі шегуін алдын алу.

3. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

3.1. Студенттік Парламент өз қызметінде келесі қағидаттар басшылыққа алады:

- барлығы өзара тең;
- ұйымның әрбір мүшесінің мүдделерін, қадір-қасиетін және пікірін құрметтеу;
- пікірталас бостандығы;
- ҚМПУ-нің барлық студенттерінің әр оқу тобынан тең өкілдік ету және үйлестіру
- көпшілік пен аз адам арасында өзара құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу;
- жұмыста ұжымшылдық, шешім қабылдауда алқалылық, қабылданған шешімдердің орындалуына жеке және өзара жауапкершілік.

3.2. Студенттік Парламенттің әрбір мүшесі дербес ниет білдірген іс-шаралар мен бағдарламаларға дербес қатыса немесе ұйымдастыра алады.

3.3. Студенттік парламент мүшелерінің арасындағы қарым-қатынас ережелері: өзара түсіністік, достық, өзара қолдау, ҚМПУ" Студенттік Парламенті ұйымын немесе Студенттік Парламент депутаты мәртебесін өз мінез-құлқымен және іс-әрекеттерімен беделін түсіретін адамдарға сыни қарым-қатынас.

3.4. Студенттік Парламенттің құзыретіне төмендегі іс-әрекеттер жатады:

- Жоғары оқу орнының әкімшілігімен ҚМПУ-дегі жастар саясатын жүзеге асыру саласындағы бағдарламалар мен жоспарларды әзірлеуге қатысу және олардың іске асырылу барысы туралы ақпарат алу;
- ҚМПУ әкімшілігіне өтініштерді әзірлеу және ҚМПУ студенттерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғалған мәселелерді шешуге ат салысу;
- Студенттік Парламенттің мақсаттар мен міндеттерге сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру

5. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ МҮШЕЛЕРІ.

5.1. ҚМПУ "Студенттік Парламент" студенттік ұйымының құрамына ҚМПУ-да оқитын, осы Ережені толық келісетін, жұмысқа мүдделі Кез келген студент ерікті түрде кіре алады.

5.2. Студенттік Парламенттің мүшелігіне қабылдау Студенттік Парламенттің төрағасы атына жеке немесе ұжымдық жазбаша өтініш жазу арқылы жүзеге асады. Мүшеліктен шығу студенттік жеке бастамасымен немесе Студенттік Парламент отырысында комитет жетекшілерінің шешімімен жүзеге асады. Шешім көп дауыс жинаған жағдайда ғана қабылданады.

5.3. Студенттік парламент мүшелерінің құқықтары мен міндеттері тең.

5.4. Студенттік Парламенттің мүшелері құқылы:

- өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- Студенттік Парламенттің қызметіне, оның ішінде шешімдерді әзірлеу, талқылау және қабылдау, олардың орындалуына және Студенттік Парламент органдарының жұмысына қатысу;
- Студенттік Парламент органдардың билігіндегі ақпаратты өтеусіз алуға және шектеулі консультациялық көмек алуға;
- Студенттік Парламенттің басқарушы сайланбалы органдарына кандидаттылықты ұсыну (соның ішінде өз), сайлау және сайлау ұсынылған кандидаттардың пайдасына агитациялық жұмыстар жүргізу;
- съездер мен сессияларда делегат болу;
- барлық мәселелер бойынша еркін талқылау және дауыс беруге;
- Студенттік Парламент жиналысындағы, сессиясындағы шешімге өз ойын ашық айту және дауыс беру, ұсыныс, балама жобалар ұсыну, пікірін, ашық айту, Студенттік Парламенттің кез келген мүшесіне сын айтуға құқылы.

5.5. Студенттік Парламент мүшелері міндетті:

- студенттердің білім деңгейіне деген талапшылдығына бағытталған санады жұмыс жүргізу, ЖОО-нің жеке мүлкіне ұқыптыпен қарау, оқу тәртібін нығайту және студенттердің азаматтық сана-сезімдерін арттыру, борыш пен жауапкершілік сезімін тәрбиелеу;
- ЖОО-дағы ішкі тәртіп ережелерін орындау бойынша студенттермен жұмыс жүргізу;
- ҚМПУ басқару органдарының білім беру қызметі мәселелеріне жәрдемдесу;
- Студенттік Парламентке түскен барлық өтініштеді уақытылы қарау;
- Оқу жылына арналған жоспар мен Ережеге сәйкес жұмыс жүргізу;
- студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;
- қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауға, сондай-ақ студенттердің оқуы мен демалыс жағдайларын қарастыру;
- ЖОО-ның басқару органдары, мемлекеттік органдармен, қоғамдық бірлестіктермен, өзге де ұйымдар мен мекемелердің алдында студенттердің мүддесін алдын ала қорғау;
- ЖОО-ның басқару органдарын өз қызметі туралы тиісті деңгейде қалыптастыру.

7. СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

7.1. Ө.Сұлтанғазине атындағы ҚМПУ Студенттік Парламентінің Жоғары басқарма органы болып, факультеттердің өкіл-студенттері жіберілгені, яғни әр факультеттің ең белсенді және маңызды студенттері (10 адамнан көп емес) жиналған Съезд есептеледі.

7.2. ҚМПУ Студенттік Парламентінің атқарған жұмысы туралы есепті тыңдау үшін Съез жылына кемінде бір рет шақырылады. Жиналысты өткізу

күні мен уақытын, сондай-ақ күн тәртібін ҚМПУ Студенттік Парламенті анықтайды.

7.3. Жиналысқа жіберілген мәселелер шешімі осы Ережеде қарастырылмаса, шешім қатысушы делегаттардың көпшілік дауысымен шешіледі.

7.4. ҚМПУ-нің Студенттік Парламенті комитеттердің құрамын қалыптастырады және бекітеді, олардың ішінде:

- Жастар-Медиз" ақпараттық комитеті;
- мәдени-көпшілік жұмыс комитеті;
- Спорт және туризм істері комитеті;
- оқу және ғылыми-зерттеу жұмысы комитеті;
- волонтерлік істер комитеті - "Жылы жүрек" еріктілер клубы;
- студенттерді жұмыспен қамтуға жәрдемдесу комитеті;
- "Рухани жаңғыру" комитеті;
- тәртіп пен адалдық комитеті

7.4.1. Комитеттер басшылары университет факультеттерінен үміткерлерді ұсыну бойынша әлеуметтік салада дауыс беру арқылы сайланады.

7.5. Студенттік Парламентке сайлауды ЖОО белсенді мүшелерінен тұратын сайлау комиссиясы ұйымдастырады және өткізеді. Сайлау жалпыға бірдей тең және тікелей сайлау негізінде, жасырын дауыс беру құқығы арқылы жүзеге асырылады.

7.6. Университеттің Студенттік Парламенті келесі сызба бойынша құрылады: барлық факультеттердің студенттері > кандидаттардың өзін-өзі ұсынуы > кандидаттарды қолдау үшін қол жинау (қол қою парақтары) > ресми тіркелген кандидаттар > сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары (студенттермен кездесу, әлеуметтік желілердегі бейне және видеороликтер) > Сайлау (Студенттік Парламенттің құрылымдық бөлімшелері және Төрағасын сайлау).

7.7. Барлық жұмыстарды Сайлауда дауыс беру арқылы жеңіп шыққан Студенттік Парламенттің Төрағасы басқарады және қатаң бақылауда ұстайды. Оның міндеттері:

- Студенттік Парламенттің жұмысына басшылық жасау, қабылданған шешімдердің орындалуын қадағалау;
- ҚМПУ-нің Ғылыми кеңесінде студенттік жатақханалардағы орындарды бөлу;
- Студенттік Парламенттің ағымдағы қызметін басқаруды жүзеге асыру.

7.8. Студенттік Парламенттің төрағасы 2 жылға дейін сайланады.

7.9. Студенттік Парламенттің қызметін қамтамасыз ету үшін ҚМПУ әкімшілігі жеке кабинет, байланыс құралдарын, ұйымдастыру техникасы және басқа да қажетті материалдарды, құралдар мен жабдықтарды ақысыз пайдалануға ұсынады.

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ ТӨРАҒАСЫН САЙЛАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Сайлауды дайындау мен өткізу ашық және жариялы түрде жүзеге асырылады.

1. Сайлау науқанының басталған күні, Студенттік Парламент Төрағасын Сайлау туралы ҚМПУ ресми сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланған хабарлама шыққан күні тіркеледі.

2. - Студенттік Парламент төрағасын сайлау 2 кезеңде өтеді:

Бірінші кезең.

Сайлау науқаны басталған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде кандидаттарды ұсыну жүзеге асырылады. Кандидаттарды ұсыну барлық сенім білдіруші университет арасында қол жинау жолымен жүзеге асырылады (кандидатты қолдау үшін кемінде 50 қол, оның ішінде 10%-ы кандидат білім алатын топтан болуы қажет).

Кандидат белгіленген форма бойынша қол қою парақшасында қол жинайды.

Кандидат қол жинау нәтижесінде түрлі (заңсыз) қылықтарға барса, комиссия кандидатты сайлаудан алып тастау мәселесін қарастырады.

Бірінші кезеңнің соңында Кандидат қол қою парақтарын Студенттік сайлау комиссиясына ұсынады.

Екінші кезең

Бірінші кезең аяқталған күннен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде сайлау науқанының екінші кезеңі, яғни үгіт-насихат кезеңі бастау алады. Бұл кезеңде үміткерлер университеттесайлау алдындағы науқан өткізеді.

Сайлау алдындағы үгіт-насихат кезінде Парламент мүшелігіне кандидаттардың сайлау алдындағы плакаттарды, шақыруларды, өтініштерді дайындауға құқығы бар. Бұл тек арнайы Университеттің ақпараттық қабырғаларында белгіленеді.

Кандидат, өзінің болашаққа қойған бағдарламасын жеткізу кезінде, өзі бекіткен мәтінінді оқи алады.

Сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарында, жиналыстарда сөйлеген сөздерінде басқа кандидаттарға қатысты жала жабу, тіл тигізуге тыйым салынады. Әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық діни тағы да басқа, жоғарыда аталған талаптар бұзылған кезде Комиссия кандидатты тіркеу туралы шешімді қайта қарауға құқылы.

Екінші кезең аяқталғаннан кейін ҚМПУ-де сайлау науқаны жүргізіледі, Сайлау еркін, тікелей және тең болып табылады. Сайлаушы сайлауға қатысуын және кімге дауыс беруін өз бетінше шешеді.

Әрбір сайлаушы тек бір рет дауыс бере алады.

Белсенді сайлау құқығы бар сайлаушылар туралы деректер Студенттік Парламентке кандидаттарды ұсыну үшін сайлау комиссиясының сайлау күніне дейін тізімге енгізіледі.

Студенттік парламентке сайлау өткізу күні сайлаушы жеке куәлігін ұсынады (паспорт, студенттік билет), сайлаушылар тізіміне өзінің тегі мен атына қарама-қарсы қол қояды және дауыс беруге арналған үлгілік бюллетень алады.

Сайлау нәтижелерінің хаттамалары сайлау комиссиясына беріледі.

Ең көп дауыс жинаған Кандидат сайлау жеңімпазы және Студенттік Парламенттің мүшесі болады.

Дауыс беру нәтижелері Сайлау аяқталғаннан 5 күнтізбелік күн ішінде университет сайтында, университеттің ресми парақшаларынд жарияланады.

3. Қорытынды ережелер

Дауыс беру қорытындысы бойынша туындайтын мәселелерді комиссия қарастырады. Студенттік Парламент мүшесіне сайлауды ұйымдастыру және өткізу, дауыс беру қорытындысы бойынша туындайтын мәселелер шешу жөніндегі соңғы саты Комиссия болып табылады.